

1 2009  
16 599 к

Әмірбекова Қ. Қ.

# ДЫБЫС АЙТУ

кемшіліктегі және  
түзету жолдары

Оқу құралы

PrintS  
ИЗДАТЕЛЬСТВО

*K. K. Omirbekova*

**ДЫБЫС АЙТУ КЕМШІЛКТЕРІ  
ЖӘНЕ ТУЗЕТУ ЖОЛДАРЫ**

*Oқу құралы*



Алматы

2005

**ББК 81.2.Каз я7.**

**О 58**

*Оқу құралын жоғары оқу орындары студенттеріне  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі өткізген  
окулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер дайындау жөніндегі конкурс  
комиссиясының “Білім” мамандығы бойынша тобы ұсынады.*

*Рецензенты:*

**Х.Т. Шеръязданова**, психология кафедрасының мемгерушісі, психология ғылыминың докторы, профессор; **К. Б. Бектаева**, педагогика ғылыминың кандидаты, доцент; **Р. А. Сулейменова**, педагогика ғылыминың докторы; **А. Н. Ильясова**, педагогика ғылыминың докторы, профессор, БМП кафедрасының мемгерушісі.

**Омірбекова Қ.Қ.**


**О 58**

Дыбыс айту кемшіліктері және түзету жолдары: Оқу құралы. –  
Алматы:

Print-S, 2005. – 76 б.

**ISBN 9965-482-12-8**

**О 4602000000  
00 (05)-05**



**ББК 81.2.Каз я7.**

**ISBN 9965-482-12-8**

*Ж*

© Омірбекова Қ.Қ., 2005

## КІРІС ПЕ

Сөйлеу тілі кемшіліктерінің ішінде жиі кездесетіні-дыбыс айтылуының бұзылуы болып саналады. Аталған кемшіліктерді түзету үшін дыбыстың артикуляциялық қалпын, бузылу түрлерін, бейімдейтін себептерін, түзету тәсілдерін, әр дыбысқа қажет дайындық жаттығуларды таңdap, сабак жоспарын құрастыра білу қажет.

Ұсынылып отырған оқу қуралының мақсаты-студенттердің өзіндік жұмыс барысында дыбыс айту кемшіліктерінің түрлері және түзету жолдары туралы теориялық білімдерін жинақтап, жүйелеп практикалық жұмыста қолдана білу дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Оқу қуралы екі бөлімнен турады.

Бірінші бөлімде тақырып бойынша мынандай теориялық материалдар қарастырылған: ызың, ыскырық, Р, Л, К, Г, Х, Ы, қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуының бузылу түрлері, түзету жолдары, логопедиялық жұмыс кезеңдері.

Екінші бөлімде студенттердің өзіндік жұмыс барысында практикалық дағдыларын қалыптастырып бекітуге бағытталған әртүрлі тапсырмалар берілген. Тапсырмалар дыбыс айту кемшіліктерін түзетудегі логопедиялық жұмыс кезеңдеріне сәйкес жүйеленген.

Оқу қуралының соңында кейбір тапсырмалардың дұрыс жауабы көрсетілген. Сол тапсырмалар бойынша студент өзінің білімін тексеріп анықтауына болады.

## **1 бөлім. ДЫБЫС АЙТУ КЕМШІЛІКТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ, ТҮЗЕТУ ТӘСІЛДЕРІ**

### **Дыбыс айту кемшіліктерін түзетудегі логопедиялық жұмыс кезеңдері.**

Арнайы әдебиеттерде дыбыс айту кемшіліктерін түзетудегі логопедиялық жұмыс кезеңдерінде әртүрлі шікір айтылады. Мысалы, Ф.Ф.Рау екі кезеңге бөлсе, О.В.Травдина, О.Ф.Токарева үш, ал М.Е.Хветцев төрт кезеңге бөледі. Кезең саны әртүрлі болғанмен олардың негізгі мақсаты бір болып келеді. Логопедиялық түзету жұмысының мақсаты мен міндептіне байланысты төмендегідей кезеңдерге бөлу тиімді:

Дайындық кезеңі

Дыбысты қою кезеңі

Дыбысты дұрыс айтуға машиқтандыру кезеңі

Дыбысты ұқсас дыбыстардан ажырату кезеңі

Аталған кезеңдердің арасында айқын шекара жок-біріншісінің аяқталуы екіншісінің басталуына ұласып кетеді.

**Дайындық кезеңі.** Бұл кезеңнің негізгі мақсаттары:

- баланы түзету жұмысына ынталандыру,
- саналы түрде тапсырмаларды орындауға үйрету,
- зейінін, тындау есте сақтау ойлау қабілетін дамыту,
- артикуляцияны дұрыс қалыптастыру,
- дыбысты қабылдау, ажырату жатады.

Артикуляцияны дұрыс қалыптастыру үшін арнайы жаттығулар қолданылады. Жаттығулар қойылатын дыбысқа байланысты жүйеленеді және ерін, тіл қимылдарын, қалпын дағдыландыруға бағытталады. Балаларды қызықтыру үшін және жаттығуды ойларына сақтап қалу үшін әр жаттығу әртүрлі атпен аталады. Мысалы:

- «Күрекше» жалпақ тілді шығарып астынғы ерінге ұстап тұру керек.
- «Инеше» ауызды кең ашып тілді алға қарай жіңішкеертіп шығарып 10-15 секунд ұстап тұру керек.
- «Төбешік». Аузынды жартылай ашып, тілдің екі жақ шетін жоғарғы азу тістерге жабыстырып, тілдің ұшын астынғы тіске тірең ұстаяу.

- «Тұтікше» жалпақ тілді ауыз қуысынан шығарып, тілдің бүйір жақтарын көтеріп тұтікшеге үрлеу. Жаттығуды жайлап жасау керек.
- «Ожау». Ауызды кең ашып, жалпақ тілді көтеріп жоғарғы тістерге созып, бырақ тигізбей ұстап тұру керек.
- «Сағат». Тілді жіңішкертіп ұстап онға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталу керек.
- «Саңырауқұлақ». Ауызды кең ашып, тілді таңдайға жapsыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстau.
- «Алтыбақан». Жіңішке тілді ауыздан шығарып біресе мұрынға қарай созу, біресе иекке созу жаттығуды жасағанда ауыз ашық болу керек. Осылай 10-15 рет қайталау керек.
- «Тәтті варенье». Жалпақ тілді шығарып жоғарғы ерінді жалап, тілді ауыз қуысына тереңірек апару. /15 рет қайталау/.
- «Сылақшы». Ауызды кең ашып тұрып тілдің ұшын жоғарғы таңдайға тигізіп алға артқа қозғалту. /10 рет қайталау/.
- «Тоқылдақ». Ауызды кең ашып тілдің ұшымен жоғарғы альвеолаға немесе таңдайға жиі-жіі соғылғандай қимыл жасау керек.
- «Ат шауып келеді». Ауызды кең ашып тілді таңдайға жapsыру-айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардан тек әр дыбысқа керекті жаттығулар алынады.

### **Дыбыстарды қою кезеңі.**

**Фонемалардың дұрыс айтылуын алғашқы қалыптастыру қою кезеңінде негізгі үш тәсіл қолданылады.**

**Бірінші тәсіл** еліктеуге негізделген. Бала естуді, көруді, тактильді-тербелісті, бұлшық ет түйсігін пайдалана отырып фонеманың дыбысталуы мен артикуляциясын қабылдайды, сапалы түрде сөйлеу органдарының қажетті қимылын, қажетті дыбыстарды қайталауға талаптанады. Бұл жағдайда дыбыстардың тікелей есітіп қабылдау, сөйлеу мүшелелерінің қимылдарын көру арқылы қабылдау, оның ішінде өзінің /айнаға қарау көмегімен/, ішінен шығатын ауа ағынын, көмекей дірілін қолмен сезіну, түрлі құралдардың көмегімен сөйлеу органдарының жұмысын бейнелеп көрсетумен толықтырылуы мүмкін.

Тиісті дыбыстарды айтуға еліктеу арқылы қол жетпеген жағдайда әуелі оның жеке элементтерін қалыптастыруға күш салу

керек. Мәселен, Р фонемасының айтылуын түзеткенде, тілдің дұрыс формасы мен позициясы игерілетін жаттығулар жасап, содан кейін ғана оның тербелісін қалыптастыру болып табылады. Сөйлеу мүшелерінің қимылдының баяулығы немесе қатар басқарылу қындықтары кейде дайындық жаттығуларының тұтас жүйесін пайдалануға, арнайы артикуляциялық гимнастикаға сүйенуге мәжбүр етеді.

**Екінші тәсіл құралдардың /шпатель, зондтар/ немесе саусақтың көмегімен сөйлеу органдарына механикалық ықпал жасауды көздейді.** Бұл жағдайда белгілі бір бастапқы артикуляция пайдаланады, соның негізінде сөйлеу органдары механикалық жолмен, баяу түрде қажетті қалпы, қозғалысы қалыптастырылады.

Сөйлеу органдарының белгілі бір қалпымен немесе қимылдымен байланысты кинетикалық тітіркендіргіштермен бірлесе отырып ми қабатындағы іздер жүйесі түрінде бекиді. Бұның өзі қажетті артикуляцияны кейінрек еркін және белсенді айтуға алғы шарт болып табылады.

Таза күйіндегі осы тәсілге тән нәрсе-механикалық әсердің нәтижесінде алынатын артикуляция бастапқы кезде баланың талабына сай келмеуі мүмкін. Мәселен, Қ дыбысының айтылуын механикалық тәсілмен түзету кезінде оған та-та-та буындарын айту ұсынылады және осы кезде тілдің алдындағы бөлігі шпательмен басып қойылады. «Та» буынын ұмытпаған бала оны –тя түрінде, ал шпательмен тілді артқа ақырын жылжытып итерген жағдайда –кя, сосын –ка түрінде айта бастайды.

**Үшінші –аралас тәсіл.** Бұл тәсіл бойынша сөйлеу тілі механикалық ықпал жасаудың мақсаты-еліктеу және аузша түсіндіру арқылы қажетті артикуляцияны мейлінше толық және дәл меңгеруге көмектесу. Бұған баланың қажетті артикуляцияны еркін менгере алмаған жағдайда /төменгі тіс сигматизмін түзетуді қараныз/, тілдің ұшын астыңғы тістің артқы жағына түсіріп тұру үшін зонд пайдалану мысал бола алады.

Аталған тәсілдердің бәрінде де дыбыстардың артикуляциялық текстестігін ескеру қажет және мүкіс дыбысты түзеткенде оның текстестерінің дұрыс айтылуына сүйену керек. Мысалы, үнді дауыссыздарға еліктеу арқылы түзеткенде сәйкес ұяң дауыстыға сүйенген пайдалы. Егер қос ерінді дыбысы қалыптасқан болса ол тіл-тіс қатысында айтылатын – Д дыбысын менгеруге көмектеседі. Ал –

Л дыбысын менгеру осы әдіспен немесе механикалық жолмен тілтандай түбі қатысында айтылатын – Г дыбысын қалыптастыруға негіз болады.

Көптеген жағдайда дыбыс текстестігін екі бағытта пайдалануға болады. Мысалы, – Ш дыбысы дұрыс айттылса, ол артикуляциясы тілдің сәйкес жолмен сипатталатын – Р дыбысын қалыптастыруға негіз болады. Керісінше – Р дыбысы да Ш дыбысын қалыптастыруға өте қолайлыш.

Дыбыс айтуды машиқтандыру кезеңінде негізі мақсаты қойылған дыбысты ауызекі сөйлегендеге дұрыс айту болып саналады. Қойылған дыбысты бекіту, немесе дұрыс айтуға машиқтандыру жұмысы керекті жүйелікпен және кезектілікпен жүргізуді талап етеді. Қойылған дыбысты алдымен буында (ашық, жабық, ортада), сосын сөздің басында, ортасында, аяғында, сөз тіркестерінде, сөйлемде, байланыстырып сөйлеуде дұрыс айтуға машиқтандыру керек.

Қарапайым жаттығулардан барынша күрделі сөйлеу қызметіне біртіндеп көшу өте маңызды. Мысалы: логопед ілесе қарапайым буындар мен сөздерді қайталаудан бастап, дауыстап окуға заттарды атауға, суреттердегі бейнеленген қарапайым көріністерді сипаттауға, есептеуге, өлеңді, жұмбақты, мақал мен мәтелді, жаңылпашты тиісті дыбысты қатыстырып жатқа айтуға, одан әрі сұрақтарға толымды жауап беруге, суреттер сериясын әңгімелеп беруге, ақырында еркін әңгімелесуге ұмтылу керек.

Алайда есте болатын жай-түрлі дыбыстардың айтылу кемшілігін түзету қындығының дәрежесі көбінесе бұл кемшіліктердің сипатына және баланың жеке басының ерекшелігіне байланысты. Сондықтан дыбысты түзету ретін анықтағанда тілдің фонетикалық қалпын сипаттайтын мәліметтерге алдын-ала арнаулы сынактарға сүйену керек, олар кемшіліктерін түзетуге икемділік дәрежесін білуге көмектеседі.

Екі немесе одан да көп дыбыстармен жұмыс істеуді жоспарлаған кезде екі түрлі талапты сактау керек. Біріншіден-мұндай жұмыс үшін сөйлеу органдарының құрылышындағы қарама-қарсы дыбыстарды алу тиімсіз. Бұл интерференция туғызуға, дыбыстарды айтуға қажетті қимылдардың өзара ықпалының біржакты тиуіне соқтыруы мүмкін. Мысалы – С дыбысының қайталап айтылуын түзету кезінде онымен бір мезгілде қысқа – у түрінде айтылатын – Л дыбысын түзету тиімсіз. Бұндай жағдайда бір кемшілікті түзету үшін тілдің бір

қалпын ортасында науашасын қатыстырып, екіншісін түзеткенде мұлде қарама-қарсы қалып пайда болады, үшкірленіп /азу тіспен арадағы бүйір саңылауы/.

Екіншіден әсіресе айтылуы алғашқы кезде энергия шығындауды қажет ететін дыбыстармен бір мезгілде жұмыс істеуден аулак болу керек. Мысалы, тыныс органдарына елеулі түрде тузететін – Ш мен Р дыбыстармен қатар жұмыс істеу тез шаршатуы, мидың тыныс алуды басқаратын орталығын уақытша талдыруы мүмкін. Бұндай шаршаудың белгісі беттің қуаруы, женіл бас айналу, локсу сезімі. Жоғарыда дыбыстарды қалыптастыруын сипаттағанда кейде арнаулы артикуляциялық гимнастика керек екенін айттық. Бұндай гимнастикаға дыбыстардың дұрыс айтылыуына қажетті сөйлеу қымылдарын қалыптастыратын жеке жаттығулар енгізіледі. Алайда дыбыстардың түрлі тобын қамтитын күрделі тіл кемшілігі жағдайында, ол сөйлеу моторикасының жалпы жеткіліксіздігіне байланысты болса /мысалы дизартрияның алуан түрінде/, артикуляциялық гимнастика келтірілген программа бойынша жүргізіліп сөйлеу аппаратының түрлі бұлшық ет топтары қызметіне әсер етуі тиіс.

**Койылған дыбысты ұқсас дыбыстардан ажырату кезеңіндегі логопедиялық жұмыс, дыбысты дұрыс айтуға машиқтандыру кезеңіндегідей жүйемен жүргізіледі.**

Тіл кемшіліктерін түзетуге арналған логопедтің жұмыс тиімділігінің қажетті шартты-оның сенімді жабдықталуы. Жабдықтар кем дегенде мыналарды қамтиды:

- а/ оқушы мен логопедтің бетін қатар көрсете алатын үлкен айна;
- б/ шпательдер мен зонддар, тазалық құралдары;
- в/ сөзді жазып, қайталайтын магнитофон;
- г/ тыныс алуы мен дамытуына қажетті ойыншықтар мен альбом құралдары;
- д/ дыбыс айтылуын зерттеуге қажетті суреті бар альбом;
- е/ түрлі дыбыс топтарына қажетті сөйлеу материалдарымен жұмыс істеу үшін суреттер, суретті лото;
- ж/ түрлі дыбыстың айтылуын бекітуге қажетті, тілдік материалы бар кітап-құралдар;
- з/ әр сыныпқа арналған оқулықтар.

Сөйлеуді көзben бақылауға /фиброскоп «Двин»/ немесе сөйлеу органдарына механикалық әсер етуге арналған түрлі жаңа

приборлар мен құралдар шыққан сайын, олар да жабдықтар жиынтығына өтуге тиіс.

Нақты дыбыстардың айтылыгуы кемшіліктерін түзету тәсілдерін сипаттауға көшпестен бұрын, бұл кемшіліктердің ішінде дыбыстың дауысталуы өзгеруінен туатындары, сонымен қатар бір дыбысты өзге дыбыспен ауыстырудан пайда болатындары бар екенін атап көрсету керек. Кемшіліктердің алғашқы - антропофоникалық, соңғысы - фонологиялық деп аталады.

Антропофоникалық кемшіліктің үлгісі – Р дыбысын тамақпен айту немесе – С дыбысын тіске қысып айту бола алады. Фонологиялық кемшіліктің мысалы – Ш орнына – С алмастыру / «ескі» - ешкі/, немесе – Р орнына – Л / «роза» - лоза/, сонымен қатар фонологиялық кемшілік аралас дыбыс түрінде де кездеседі. Бұндай жағдайда бала жеке дыбысты дұрыс айта тұрып, оларды сөйлеу кезінде шатастырып алады. Мысалы: Самат маған көрші тұрады, қате айтылуы «Шамат маған көрсі тұрады». Бұндай жағдайда дыбыстардың артикуляциясын қалыптастыруы қажет болмағандықтан біздің қарастырумыздан тыс қалады.

Сонымен қатар дыбыстың тұрақты алмастыруын түзету кезінде мынандай жағдайды ескерген жөн. Жаңа артикуляцияны менгерген кезде біраз уақыт жаңа қойылған дыбыс пен бұрынғы ауыстырып айтылған дыбысты сөйлегендегі жиі қолданылады. Мысалы, Ш дыбысы С дыбысымен алмастырылады дедік. Енді Ш дыбысын дұрыс айтып үйренгенде біраз уақыт С дыбысы бар сөздерде Ш дыбысы қолданылады. Сабын-шабын, қасық-қашық т.б.

Фонологиялық қателіктер уақытша сипат алуына қарамастан жазу қателіктеріне де соктыруы мүмкін. Сондықтан фонологиялық қателікті түзету нәтижесін бекіте отырып, дифференциялық мақсатына тиісті дыбыстарды және буын мен сөздегі әріптерді салыстырып отыратын жаттығуларға көніл бөлу керек.

Түрлі дыбыстардың айтылу кемшіліктерін сипаттау барысында осы кемшіліктердің пайда болуына себеп болатын, олардың түзетілуіне кедергі болатын аппараттың шеткі бөліктерінің күрлісіндағы кейбір аномалиялар ескертіледі.

Бірак есте болатын жай, бір жағынан дыбыс айту кемшіліктері кейде сөйлеу аппаратының күрлімі бұзылған жағдайында да бола берсе, кейде сөйлеу аппаратының елеулі кемшілігіне қарамастан сөйлеу тілінің фонетикалық жағы дұрыс дамуы жиі кездеседі. Бұл


фактілер жоғарғы нерв қызметінің ерекше икемділігінің күесі, дұрыс сөйлеу үшін сөйлеу аппаратының зор мүмкіндігі бар екенін танытады.

Шеткі сөйлеу аппаратының күрілымының анық аномалиясы жағдайында, дыбыстарды дұрыс айту мүмкіндігін ескертудің маңыздылығы сонда, кейде бұл аномалияларды дыбыстың айтылуы кемшілігін коррекциялауды қындараттын фактор ретінде асыра мән беру кездеседі.

Тек ерін, тіс, тандай, жак, тіл күрлісіндеғи ең ауыр аномалалиялар болғанда ғана, логопедиялық жұмыстан бұрын хирургиялық операциямен реттеу, немесе протездеу түріндегі медициналық тәсілдер қолданады. Бұндай әсердің қажеттігін логопед пен дәрігер /стоматолог, отоларинголог/ бірлесіп шешеді.

## ЫЗЫҢ ЖӘНЕ ҮСҚЫРЫҚ ДЫБЫСТАРДЫҢ АЙТЫЛУ КЕМШІЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ ТӘСІЛДЕРІ

Дауыссыз /с,с'; 3,3' мен ш, ж, ч, ш,/ дыбыстарының тіл мүкістіктері **сигматизм** деген терминмен аталады.



1-сурет. С фонемасының артикуляциялық кескіні


Бір дыбыстың басқамен тұракты алмастырылған жағдайы, /мысалы, Ш орнына – С немесе С орнына Ш/ **парасигматизм** деп аталады. С дыбысының жасалу механизмі төмендегідей. /1-сурет/.

Еріндер күлгендегідей сәл керіледі. Тістер қысылған немесе жақындастан қалыпта болады. Тіл ұшы төменгі қызыл иекке тіреледі, ортасы дөңестеледі, бүйір шеттері жоғарғы азуларға, тандайдың бүйір жақтауларына жабысады. Тілдің бойында оның ортасымен, жырашық пайда болады, альвеолы тысында сыртқа қарай жінішке дөңгелек тесік болып ашылады. Жұмсақ тандай көтеріліп, мұрынға ауа жолын жабады. Дауыс перделері ажырайды, дем шығару ауасы көмекей мен ауыз қуысына еркін жіберіледі. Ол

ауа ауызда тар саңылау түріндегі кедергіге ұшырап ыскырған шу шығарады, оның биіктігі тіл үсті бөлігінің алдыңғы жағы мен күрек тістер арасындағы куыстың көлеміне байланысты.

Жұмсақ С' дыбысының артикуляциялық ерекшелігі тілдің үстіңгі жағының биігрек көтерілуі, оның біршама ілгері жылжып тіл мен тістің арасындағы куысына жақындауы. Ернің керілуі айқындала түседі. Бұнда да С дыбысына О, У тіркесіндегідей ерін дөңгелектенеді. Бұны – ся, се, си және се, се, сю буындарын айтып байқауға болады.

-З дыбысын С дыбысынан, С' және З' дыбыстарының айырмасы дыбыс перделері бірігеді және тербеліске түседі, сонымен қатар дем шығару екпіні әлсірейді, тіл үсті мен альвеол арасындағы саңылау тарылады. Ц-дыбысы біріккен дыбыс ретінде де дауыссыз Т мен С дыбысының бірігуін білдіреді.




2-сурет.

Ц фонемасының артикуляциялық кескіні /профилі/.

Алғашқы сэтте тіл үстінің алдыңғы бөлігі альвеолмен бірігеді. Тіл ұшы төменгі қызыл иекке тіреледі. Жұмсақ тандай көтеріледі, дыбыс перделері ажырайды. Ізінше олардан ажырап тіл үсті альвеолаға С дыбысы артикуляциясына тән қалыпқа түседі /2-сурет/.

**Сигматизмнің негізгі 6 түрін атауға болады:**


еріндік-тістік,  
тіс аралық,  
тіс төңіректік,  
ыскырық,  
буйірлік,  
мурындық.



3-сурет. С фонемасының еріндік-тістік сигматизм кезіндегі артикуляциялық кескіні (профилі)

Еріндік - тістік сигматизм кезінде С дыбысы – Ф оттенокпен айтылады, себебі куыс жасауға тілден басқа жоғарғы тіске таянатын ерін де қатысады. Ц дыбысына да сол кезде оттенок қосылады, ал З дыбысының оттенкі араласқандай болады /3-сурет/. Сигматизмнің бұл түрінде жоғарғы тістер ілгерілең, төменгі еріннің

үстіне тұтас келетін аномалия себеп болады. Мұндай аномалия прогнатия деп аталады.



**4-сурет.**  
С фонемасының тіс аралық сигматизм кезіндегі артикуляциялық кескіні /профилі/.


**Тіс аралық сигматизмде** С дыбысына тән ыскырық болмайды, оның орнына тілдің тістер арасына енетін қалпына буындаған төмен ұнді әлсіз шу естіледі. Осы артикуляцияның нәтижесінде альвеолдағы дөңгелек саңылау тегістеледі. Дыбыстың артикуляциясы мен дыбысталуы соған сәйкес келеді */4-сурет/*.

**Тіс аралық сигматизмнің** пайда болуына азу тістер тиісп тұрғаны мен төменгі, жоғарғы күрек тістер арасында елеулі ашықтық болатындығы әсер етеді. Осындай қалып сүт тістері түскен

балаларда болады. Кейде тіс аралық артикуляция С, З, Ц дыбыстарына ғана емес, сонымен қатар Ч, Ш, Щ дыбыстарына және басқа тілдің алдыңғы ұшымен жасайтын Т, Д, Н, Л дыбыстарына да таралады.

Тісараптық сигматизмнің алғы шарты-тілдің қомақты, аз икемді, баяу қимылды болуы. Сонымен қатар аденоидыға ұшыраған, соған сай ауызбен дем алатын және ауызын ұдайы ашық ұстайтын балалардың да тісараптық сигматизмге бейімділігі де байқалған.

**Тіс төңіректік сигматизмде** тісараптық сияқты ыскырықтың жойылуымен, сондай-ақ С, Ц, З дыбыстарын Т, Д, дыбыстарымен алмастырумен сипатталады. /сағат-«тағат», қозы-«қоды»/.



**5-сурет.**  
С фонемасының тісөңіректік сигматизмнің артикуляциялық көрінісі /профилі/


**Тіс төңіректік сигматизмнің**

/парасигма-тизм/ пайда болу себебі, ауыз қуыстың ішінара немесе толық тұйықталуы. Буған алғы шарт туғызатын жағдай «терең қабысу» деп аталатын тіс қалпы яғни төменгі күрек тістер мен жоғарғы күрек

тістердің айқасуы. **Тіс төңіректік сигматизм** көбінесе естүи нашарлығына, әсіресе жоғарғы дауыстыларды естү төмендігіне серіктеліп келеді.

Кейде сигматизмнің бұл түрі С, Ц, З дыбыстары мен қатар Ш, Щ, Ж, Ч дыбыстарында қамтиды.


**Ызың сигматизм** кезінде С, Ц, З дыбыстары азды көпті шу естілетін оттенкке ие болады. Анық байқалған түрлерінде бұл кемшілік парасигматизм деп аталады. Бұл сигматизмде С дыбысы Ш дыбысымен Ц дыбысы Ч дыбысымен, З дыбысы Ж дыбысымен алмасады. Мысалы, сағат орнына «шағат» цирк орнына «чирк» деп айтылады /6-сурет/.



6-сурет.

С фонемасының ызың  
сигматизм кезіндегі  
артикуляциялық кескіні

Бұлай айтылу тіл үшінің күректісттерден қашықтау салдарынан ыскырық дыбыстарға қажет куыс мөлшерінің недәуір үлкейуі нәтижесінде пайда болады. Ызық сигматизмнің алғы шарты тілдің күрек тіспен жақындауына кедергі болатын тіс-жак жүйесінің аномалиясы. Тістөніректік сигматизмдегі сияқты бұл да нашар естітіндерде жиі болады. Олар сөйлеу танымның ең жоғарғы дыбыстарын естіп, оның С, Ц, З дыбыстарын Ч, Ш, Щ түрінде қабылдайды.



7-сурет.

С фонемасының бүйірлік  
сигматизм кезіндегі  
артикуляциялық кескіні  
/профилі/

**Бүйірлік сигматизм** кезінде С орнына шолпылдауға ұксас шу естіледі, егер тістерді қысып тұрып Л дыбысын қатты сыбырлап айтса осындай шу естілер еді. Оның себебі тілдің ұшымен алдынғы жағы күрек тіспен және альвеоламен жабысады да, тіл бүйірлері азуға жабыспайды, сөйтіп бүйір куысы пайда болады, сол арқылы дем шуылдан шығады. Кейде бұндай куыс екі жақты пайда болады. Бүйірлік сигматизмнің алғы шарты бүйірлік ашық қабысу қалпы. Онда тістеу қалпында жоғарғы және төменгі азулар арасында бір немесе екі жақты куыс болады.

Басқа бір алғы шарты ауыз куысы бүйірлерінің жабылуын қындалаттын тіл жіңішкереді /7-сурет/.

Бүйірлік сигматизмде Ц, З дыбстарды С дыбысы сияқты акустикалық қасиетке ие болады.

Бірінші, күшті сыбырлап айттылған тіл сөзіндегідей Т және Л дыбыстарының тіркесіне ұксайды, ал екіншісі қате айттылған С дыбысынан тек дауыстың қосымша шуымен ерекшеленеді. Куыстың қай бүйірде пайда болғаны қаралайым екі жолмен анықталады, біріншісі – С дыбысын созып айтқанда ұртты жөніл

шерту арқылы. Егер дыбыс тиылып қалса, қуыстың шерткен жақта болғаны, тиылмаса қуыс екінші жақта болғаны. Екіншісі-ризина түтіктің екі ұшында да олива /тесігі бар ұштық/ қойылады. Логопед оның бір ұшын өз күлағына ұстайды да, екіншісін С дыбысын созып айтқан баланың жоғарғы және төменгі тістердің шекарасымен жүргізеді. Сонда қуыстың орны түтіктегі шудың күшеюі арқылы женіл анықталады. Кейде бүйірлік артикуляция С, З, Ц дыбыстарының ғана емес Щ, Ж, Щ, Ч дыбыстардың топтасып, тіпті Т, П, Р дыбыстарын да қамтиды.

**Мұрындық сигматизм** түрлеріне жалпы тән қасиет С, Ц, З дыбыстары айтылуына тән шудан өзгешеленеді, одан кейінгі дауыстылар мұрындық оттенкіге ие болады. Мұрындық оттенок жұмсақ таңдай мен жұтқыншақтың артқы қабырғасы арасында елеулі қуыс болуы, соның салдарынан шығатын дем мұрын арқылы өтуі нәтижесінде пайда болады.

Жұмсақ таңдайдың бұндай қалпы сөйлеу қимыл процесінің белгілі бәсендігі жағдайында көршілес дауыстылардың

артикуляциясына да тарайды /8-сурет/. Шудың қасиеті оның пайда болған орнына қарай, яғни шыққан демінің жолындағы ең тар жерге қарай өзгереді. Мәселен С дыбысын айтқанда тарылу тіл түбі мен жұтқыншақтың артқы қабырғасы арасында пайда болса, онда Х дыбысына ұксас дыбыс естіледі. Егер

8-сурет. С фонемесінің мұрындық сигматизм кезіндегі артикуляциялық кескіні /профилі/



жұмсақ таңдайдың алдыңғы ұсті тіл түбіне жабысса, ал арты жұтқыншақ қабырғасына жақындаста қырылдауга ұксас шу шығады. Ц дыбысына екі жағдайда да С дыбысынан

артикуляциялық айырмасы сол органдардың сол орындарда алдын-ала жабысу мен ғана ерекшелінеді. Шығатын дыбыстың аффрикативтік сипаттамасы осымен анықталады. З дыбысының айтылуы С дыбысынан айырмашылығы тек қана дауыс тонының бірігуі мен шудың біраз әлсіреуінде.

С, Ц, З дыбыстардың айтылуы қателігін С дыбысынан бастау керек. Жұмыс тәсілдерін тандау сигматизмнің түрлеріне байланысты.

**Еріндік-тістік сигматизм** кезінде балаға ең алдымен С дыбысын айтқанда төменгі ерін жоғарғы күрек тіске тиіспеуі, немесе

жақындауы керек екенін көрсету қажет. Егер балаға айна арқылы көзбен бақылау жеткіліксіз болса, онда ерінді жалаңаштаған тіс тізбегіне тигізіп, айырып көрсетіп, қарапайым артикуляциялық гимнастиканы пайдаланған дұрыс. Қажет болғанда төменгі ерінді шпательмен немесе саусақпен төмен тартатын механикалық көмек қоладнуға болады.

Баланың механикалық көмексіз-ақ төменгі ерінді тиісті қалыпта ұстауға жаттығуын күтіп отырмай, осы дыбысты буындар мен сөздерді айтқызуға жаттықтыру пайдалы. Жаттығулар прогнатия жағдайында да дұрыс сөйлеуге дағдыландырады.

**Тісаралық сигматизмде, тіс-жак жүйесінің аномалиясымен**



**9-сурет.**  
С фонемасының қолмен көрсету


қындауған болса, кейде тісті қысып тиістіріп С дыбысын созып айту да жеткілікті, егер ыскырықсыз, шамалы шу шықса, төменде ұсынылатын қосымша тәсілдерді қолдану керек.

Үйреншікті тіс арасына тілдің шыға беруін тоқтату үшін буынмен, сөзбен жаттығуларды тістерді қысып тұрып жасау керек. Бұл әсіресе С дыбыс буын мен сөз басында келсе де ерекше маңызды. Алайда мүмкін болған сәтте-ақ мұндай «тістеніп» сөйлегенді тоқтатып, қалыпты айтуға көшу қажет. Жаттығу кезінде айна арқылы артикуляцияны көзбен бақылау қамтамасыз етіледі.

Егер тісаралық сигматизм тіс-жак жүйесінің дұрыс құрылмауы, немесе сүт тістерінің түсу нәтижесіндегі алдыңғы тіс қалпына байланысты болса, кемшілікті түзетудің маңызды алғы шарты тіс қалпын түзету болмак, бірінші жағдайда ол стоматология құралымен

жасалады, екіншіде табиғи тұрақты тіс шығуымен түзеледі. Алайда ашық тіс қалпында тіл артикуляциясын түзету яғни тіл ұшын төменгі күрек тістің қызыл иегі астына шығару да тиімділік әпереді.

**Тіс төңірегі сигматизмінде** С дыбысын әуелі бөлек кейін буын, сөз кұрамында созып айту, артикуляцияны дұрыс көрсетуі арқылы түзетеді. Артикуляцияны схемалық суретпен бейнелеп көрсету пайдалы. Бала С дыбысын дұрыс айтқанда қол сырты арқылы жіңішке, күшті, салқын ая ағымын /төменгі қиғаш бағытталған/ сезінуі де көмек береді. Тіс қалпының күрделі аномалиясы немесе тіл икемінің жеткіліксіздігі жағдайында Зондтың көмегі мен төменгі және жоғарғы күрек тістер арасында ең аз саңылау сақтай отырып, тіл ұшын төменгі күрек тіс тұсында ұстайды. Осы мақсатта № 4 зондта пайдаланады. Зонд, ол тіл ұшы көтеріліп күрек тістер арасындағы саңылауды жаппауы үшін төменгі ұшы тістерге көлденең қойылады.




10-сурет. № 2 зонд

арасында ең аз саңылау сақтай отырып, тіл ұшын төменгі күрек тіс тұсында ұстайды. Осы мақсатта № 4 зондта пайдаланады. Зонд, ол

тіл ұшы көтеріліп күрек тістер арасындағы саңылауды жаппауы үшін төменгі ұшы тістерге көлденең қойылады.

Тіл икемділігі жетпегендеге артикуляциялық жаттығулар елеулі көмек береді. Атап айтқанда тілді тіс арасына тигізу, оны ашық ауыздан астаушалап шығару, тіл үстін денес ііп ашық ауадан астаушалап шығару, тіл үстін дөңес ііп ұшын төменгі



11-сурет. № 2 зондыны тісараптық сигматизмді түзетуге пайдалану

қызыл иекке тіреу. Бұл жаттығулар күрек тістер жақын орналасқан жағдайда тілдің дұрыс қалпын орнықтыруға, дұрыс дыбыс шығаруға көмектеседі.

**Ызың сигматизмде** алдымен С дыбысының дұрыс, теріс айтылу ерекшіліктеріне назар аудару керек. Алайда бұл әдіс мақсатқа сирек жеткізеді. Себебі бекіп қалған ақаулық ызың-ыскырық

дұбыстарын анық ажыратқан жағдайда да С дыбысының дұрыс артикуляциясын менгеруін қамтамасыз етпейді. Сондықтан ауызды ашып отырып балаларға артикуляцияның дұрысын айнаның алдында және кемшилік артикуляцияның айырмашылығын, өз саусағымен өрнектеу арқылы сезінуге көмектесуі керек.

Тілдің дұрыс қалпын тапқан соң, балаға дем шығарып, ауа ағынын сезінуге мүмкіндік беріледі.

Егер аталған тәсілдер нәтиже бермесе, С дыбысын тіс-аралық артикуляциясын уақытша орнықтыру керек. Мұндай қарама-қайшылық арқылы тілдің алдыңғырақ және кейінрек қалпын айыру жеңіл. Одан әрі буын, сөз материалдары арқылы С дыбысының тіс аралық артикуляциясын, қалыптастырып, оны Ш дыбыстарынан ажыратып болған соң дыбысты тіспен қысып айтатын қалыпқа, тіс аралық сигматизді түзететін тәсілге көшуге болады.


**Бүйірлік** сигматизмді түзету үшін тілмен ауыз қуысын жабу оның ортасына жырашық жасау керек. Егер артикуляцияны айнамен дұрыс көрсету /ауызды кішкене ашқан қалыпта/ мен оны теріс

қалыпқа салыстыру тиісті нәтиже бермесе, бірқатар арнаулы тәсілдің ең тиімдісін таңдап алу қажет. С дыбысы қалыптастыруды Т дыбысы негіз болалады, оған бүйірлік артикуляцияның әсері жок.

Баланы С дыбысын біраз аспирациямен /шұғыл дем шығару/ айтуға үйретеді. Сонда қопарылыстан кейін ағылшынның С дыбысына ұқсас дыбыс естілуге тиіс.

/Мысалы: thin сөздегідей/. Демді қолға тиетін ауа ағымымен бақылауға болады. Соңынан тісті қысып тұрып, құрамында Т мен С анық естілетін Ц дыбысы айтулуға тиіс. Оны тек балаға білдірмеу керек, әсіресе, ол үшін Ц дыбысының үлгісін болдырмауға тиіс. Өйткен жағдайда үйреншікті алғашқы қате артикуляция қайталануы мүмкін.

Егер бала тіл үшін төменгі қызыл иекке еркін ұстай алмаса, № 2 зондты немесе шпательдің слайдалану керек. Жаттығу барысында біріккен дыбыстың фрикативтік бөлігі біртіндеп ұзарып, содан соң




12-сурет. № 4 зонд

бөлініп шығады, сонда ғана шпательді пайдалану керек. Жаттығу барысында біріккен дыбыстың фрикативтік бөлігі біртіндеп ұзарып, содан соң бөлініп шығады, сонда ғана балаға дұрыс айтылатын С дыбысы осы екенін түсіндіруге болады. Одан әрі игерілген артикуляцияны буын, сөз, сөз тіркесі материалдарымен бекітеді.

Мейлінше қын жағдайларда төрт сатыдан тұратын тәсіл қолданылады. Әуелі балаға жақын орналасқан еріндер арқылы ауа үрлеу ұсынылады да, одан шығатын ауа ауызда тақалған қағаз қындысы, мақта ұлпасы, жіп немесе қол арқылы бақыланады. Одан соң жаттығу тілді тіс арасына кеңінен сұғу оны ауыздың бүйірлеріне жапсыру жағдайында айна алдында қайталанады. Тіл қуысында жырашық болуға тиіс. Ауа ағысын бақылау үшін қосымша пробирка немесе ауызы тар шыны ыдыс пайдаланылады. Пробирканы тік ұстап тесігін тіл алдының орта тұсына таяу керек.


Егер үрлегенде тіл бойында жырашық пайда болса пробирканы тілге тақағанда күшті шу естіледі, бұл тілдің дұрыс қалпын танытады. Тілде көрсетілген үлгідей жырашық пайда болмаса, ауа ауыздың бүйірінен шықса, № 1 зонды пайдалану дұрыс. Зонды тіл ортасына ұзынынан салып, тілге аздағын қысу арқылы жырашық жасалады. Кажетті артикуляция қалыптасып болғанда, механикалық әсер тоқтатылады /14-сурет/.



13-сурет. № 4 зондыны тіс өніректік сигматизмді түзетуге пайдалану

циясына / қалыпта/ көшуге болады тіс аралық сигматизмдей.

Тіл ортасымен үрлеуге жеткен соң келесі саты С дыбысын тіс аралық айтуға көшеді. Бұл мақсатта жоғарғы ерінді шпательмен немесе саусақпен көтеру жеткілікті, сонда тіл мен жоғарғы күрек тіс аралық қуыс пайда болады. Тұракты тіс аралық артикуляцияға жеткен соң, одан С дыбысы шығатының балаға түсіндіруге, дағдыны буынмен, сөзбен бекітуге болады, ең сонында тіс аралық артикуляциядан тіс арты артикуля-



14-сурет. № 1 зонд

Бүйірлік артикуляцияны түзетудің тағы бір тәсілі баланы Ф дыбысын созып айтуға үйрету, содан соң оны тілді неғұрлым ілгері ұмтылдыра, ұшын төменгі күрек тіске тірер қайталау. Сонда Ф дыбысына тән шуға ыскырынған шу қосылады. Осы екеуінің бірігуі еркіндік-тістік сигматизмге тән дыбысты еске түсіреді.

Ақырында X дыбысына сүйену де мақсатқа жеткізеді /ол бүйірлік ариткуляцияға ұшыраған болса /балаға-ихи тіркесіп айту ұсынылады, сонан соң тісті қысып қайталанады. Сонда көбнесе С дыбысына жақын дыбыс жиі естіледі. Оны балаға ерте ескертпеу керек себебі бүйірлік артикуляцияға ұшырауы мүмкін. Жаттығуда ыскырынған дыбыс қалыптасқан соң – С және С' дыбыстарының айырмасына назар аудару керек.

Өте қын жағдайда тілдің бүйірлері жоғарғы азуларға жабысуын тілдің ұшы төменгі күрек тістерге тірелуін қамтамасыз ететін айна алдындағы артикуляциялық гимнастика ұсынылады. Осы мақсатта тілді «күрек», «жырашық» түрінде сыртқа шығару, тілге тандай сорғызу және сол қалыпта төменгі жақты жоғары, төмен қозғау тіл бүйірлерін азуларға жапсыру, сол кезде тіл ұшын төменгі күрек тіске тіреу сияқты жаттығулар пайдалы.

Соңғы жаттығу әуелі ауызды ашып, кейін жақтарды біртінде жакындағы жасалады. Сол қалыпты сақтай отырып, дем алынып, дем арылады, сонда – X, – С аралығындағы дыбыс шығады, соның негізіндегі жаттығулар – С дыбысын беруге тиіс.

**Мұрындық сигматизмнің** барлық түрлерін түзету үшін баланың мұрын қуысын жұмсақ тандайды көтеру арқылы жағдайында ая ағымын ауызға таратуды үйренуіне, тіл артикуляциясын бұрын менгеруіне негізделген. Ең тиімділері бүйірлік сигматизмге қолданылатын жоғарыда аталған төрт саты. Осы тәсілдер кейбір модификациялы өзгерістермен органикалық

негізде пайда болатын /жұмсак таңдай, оның пердесі, таңдай жарықшағы сияқты аномалиялар/ мұрындық сигматизмнің жиі кездесетін ашық маңқа түрінде де пайдаланылады.

Алайда бұл еңбекте ашық маңқалықпен байланысты айту қателіктері қарастырылмайды. Ол-тіл кемшілігінің дербес формасы. Қосып айтارымыз кейбір жағдайларда мұрындық сигматизм бүйірлік сигматизмде қолданыла-тын қарапайым тәсілдермен де /мысалы: т, -ф, -х дыбыстарына негіздеу/ түзетіледі.

Қарастырылған барлық С, З, Ц дауыссыздардың айтылуын түзеткенде С дыбысының дұрыс артикуляциясын менгеру, осы топтағы барлық дауыссыздар үшін маңызды. С' дыбысы, С дыбысы артикуляциясын бекіту кезінде-ақ менгеріледі. Кейін бұл дыбысты ся, се, сю, ась, ось буындарына теру қын емес.

Үнді 3 және 3' дыбысы С және С' дыбыстарын айтқанда дауысты қосу арқылы женіл қалыптастырылады.

Ц аффрикатына келетін болсак, ол С дыбысының алдына Т қойлса /те, атс, тс-а, тс-а/ оңай алынады, ескертетін жай мұнда тіл ұшын төменгі тіске тіреліп айтылады. Бұл Ц дыбысы қопармалы фрикативті компоненттерін алуға болады.

Ц дыбысының айтылуын бекіткенде оны жабық буындардан /ац, оц, эц/ сол буындарға аяқталған сөздерден бастау керек. Себебі ашық буындарда /ца, цо, це/ және сөз басында/ мысалы: цирк /алғашқы кезде қопарма компонент қалыптасады. /ца, цо орнына со, са/.


## Ш, Ж, Щ, Ч ДЫБЫСТАРЫНЫҢ АЙТЫЛУ КЕМШІЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ ТӘСІЛДЕРІ



15-сурет.  
Ш фонемасының  
артикуляциялық көрінісі

Ш дыбысының жасалу механизмі мынындай. Ерін аздал дөңгеленеді. Тістер не қысылған, не жақындаған, арасында жіңішке сандалау I-I,5 мм болады. Тіл таңдайға «ожауланыш» көтеріледі. Оның бүйірлері жоғарғы азуларға тиеді. Алдыңғы ұшы альвеол артындағы таңдайға тиіп, ортасында жарты ай қуысын жасайды. Жұмсак таңдай көтеріліп, мұрын жолын бітейді.

Дұрыс перделері ажыраған, шығатын демді жұтқыншақ пен ауыз күсына еркін өткізеді /15-сурет/.




16-сурет.  
Щ фонемасының  
артикуляциялық көрінісі  
/профилі/

Ауызда тіл ұшы мен таңдай арасын дағы саңлау түріндегі кедергіге кездесіп, шығатын дем С дыбысынан төмен болып естіліп шу шығарады. С – ға қарағанда Ш дыбысының төмен шуы таңдайға көтерілген тіл мен алдыңғы тістер арасындағы күйстың көлемділігімен болады. Шудың қосымша төмендеуі еріннің дөңгеленуімен іске асады.

Ш және Ж дыбыстарының айтылуындағы айырмашылық Ж дыбысын айтқанда дауыс перделері жабысып, қозғалысқа туседі, шығатын ауа ағысының әлсіздеу, таңдай аралық күйс тарылады.

Жұмсақ Щ дыбыс ш-дан тіл үстінің жоғарырық орналасумен, оның ілгері ығысуымен, одан тіл мен алдыңғы тіс арасы тарылуымен, сонын нәтижесінде шыжылдаған шудың күшеюімен ерекшеленеді (16-сурет).

Ч дыбысы жабысқан Т мен Щ дыбыстарының тығыз бірігуін танытады. Алғашында тіл альвеол астындағы таңдай алдына жабысады. Тіл үсті мен бүйірлері Щ дыбыстарындағыдай қалыпта болады. Жұмсақ таңдай көтеріледі, дауыс перделері ажырайды. Оның ізінше жабысу бұзылады да тіл алды щ артикуляциясына тән кейін серпіледі. /17-сурет/.




17-сурет.  
Ч фонемасының  
артикуляциялық көрінісі  
/профилі/

Щ, Ж, Ч, Ш дыбыстарын айтқанда С, Ц, З дыбыстарын сипаттағанда кездесетін көптеген кемшіліктер кездеседі. Оған еріндік-тістік, тісаралық тістөңіректік, бүйірлік, мұрындық сигматизм түрлері жатады. Соның ішінде кей жағдайда бұл дыбыстардың кемшілігінен ерінің дөңгелеуіне, соған сай шудың төмендеуіне байланысты ерекшеленеді. Басқа жағдайларда келтірілген дыбыс жұптарының айырмасы болмайды, бұл Ш мен Т; Ж мен Д; Ч, Щ мен Т алмасады, бұндай жағдайда

парасигментизм сияқты жазуды игеруге қатты қындық келтіреді. Кейде Ш' дыбысы С, С'; Щ, Щ дыбыстарының; Ж, дыбысы З, З', Ж, Ж'; ал Ч дыбысы Ч, Ц дыбыстарының орнына айтылатын сигматизмдер түрі кездеседі. Ызың дыбыстарға тән парасигматизмнің түрі ызың дыбыстардың ыскырық дыбыстарымен алмасуы /шанасана, қонжық-конзық, ашы-асы т.б./. Парасигматизмнің бұл түрі ыскырық сигматизм деп аталады және бұл көбнесе балабақша балаларының арасында кездеседі. Ш мен Ж дыбыстарын жігерлі айтуын да ұрт томпаяды, соған сай келетін оны ұрт **сигматизмі** дейді. Ш, Ж дыбыстарын айтудағы кемшіліктер қатарына оларды Х дыбысына жақын немесе сай келетін, оның үнді түрімен дыбыспен алмастыруда кездеседі. Есте болатын жай қатаң Ш мен Ж дыбыстарын айту кемшілігі болса да кейде жұмсақ ч, Щ дыбыстары дұрыс айтылады. Бұған сигматизмнің аталған екі түрі жатады.

Қатаң және жұмсақ ызың дыбыстардың мұндай айырмасы соңғысы тіл ұшын тандайға көтермей айтудан болады. Щ, Ч дыбыстарының артикуляциясын салалауда тандайға жабысады тілдің алдыңғы шетімен емес, тіл үстінің алдыңғы тұсымен жасайтын адамдар кездеседі. Бұнда тіл түсіріліп С дыбысы артикуляциясына тән қалыпқа кейін шегінеді, сөйтіп тіл мен алдыңғы тістер арасындағы саңлау ұлғаяды /18-сурет/. Кейде, куыс жеткілікті кең болғанда төменгі қатаң Ш, Ж дыбыстары пайда болуы мүмкін.



18-сурет.

Щ және Ч дыбысының төменгі фонемасының көрінісі /профилі/

Әдетте төменгі артикуляцияда бұл дыбыстар елеулі жұмсарады. Ш, Щ, Ч дауыссыздарды /әсіресе Ш мен Ж/ айту кемшіліктерінің тууына шарт болатын сөйлеу артикуляциясының аномалиясынан басқа, тіл асты сіңірінің қыскалығы, тандайдың биік-жінішке болуын атауға болады.

С, Ц, З дыбыстары мен Ш, Ж, Ч, Щ дыбыстарын қатар қамтитын сигматизм жағдайында кейбір ерекшеліктерде болмаса жұмысты алдыңғысынан (ыскырық дыбыстардан) бастаған тиімді.

Ал бүкіл Ш, Ж, Ч, Щ дыбыстарын қамтитын сигматизмде әдетте түзетуді Ш дыбысынан бастайды.

Мектепке дейінгі немесе тәменгі сынып балаларының тіл кемшілігін түзету жұмысы еліктеу негізінде жүргізіледі, төңіректегі дыбыстарды есту қабылдау қабілетіне негізделеді /паравоздың пышылы, күшті желдегі ағын шуылы т.б./. Еліктеу негізін құрайтындар тіл қалпын айнадан көрсету /аздап ашылған ауызben, оның формаларын қол бетімен бейнелеу/. Сонымен қатар қолмен, кен, жылы ауа ағынын сезіндіру де қолданылады /19-сурет/.

Егер бұлар нәтиже бермесе, арнаулы тәсілдер пайдалану керек. Егер Ш дыбысы бұзылып айтылған жағдайда, Р дыбысы дұрыс айтылатын болса, соңғысын қажет артикуляцияға негіз етіп алуға болады. Ол үшін балаға Р дыбысын үнсіз немесе сыбырлап созып айна алдында айтқызады, сосын бәсек дыбыстар пайда болғанша тербеліс тоқтағанша дем шығару үшін жайлата түседі.




19-сурет. Ш фонемалық көріністі саусақпен бейнелеу.

Гу жасап, қажетті артикуляцияны қайталау дағдысын қалыптастырыған соң алынған дыбысты тісті

қысып айтуға болады /дыбыс тұншығып төмендеп шығады жаттығулар сериясының ең соңында артикуляцияны ерінді дәңгелектеумен толықтырады/ дыбыс тұншыға түседі/, сонда Ш дыбысы дұрыс айтылатын болады.

Келесі тәсіл Т дыбысын



20-сурет. № 5 зонд